

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 172 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 10 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5395 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 191 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 191 Қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2342 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 299 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3239 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, N 9-13, 44-құжат), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 77 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3604 тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 165-166 (899-900)

санында жарияланған) , Агенттік Бас қармасының
" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар
рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003
жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы"
2006 жылғы 15 сәуірдегі N 98 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4228 тіркелген) енгізілген өзгерістерімен және
толықтыруларымен бірге мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық
қызметті жүзеге асыру ережесінде:

22-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін сақтау және
есепке алу бойынша қызмет көрсететін кастодиан мынадай талаптарға сәйкес
к е л е д і :

1) "Standard & Poor's" агенттігінің халық аралық шәкілі бойынша "BB"-
тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе "Moody's Investors
Service", "Fitch" агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы
бар не Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкі "Standard & Poor's"
агенттігінің халық аралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес ұзақ
мерзімді кредиттік рейтингі немесе "Moody's Investors Service", "Fitch"
агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан
Республикасының резиденті еншілес банкі болып табылады не осы кастодианның
ірі қатысушылары арасында орналастырылған (артықшылық берілген және
не банкпен сатып алынғандарды шегергенде) акциялардың он немесе одан
астам пайызын иеленетін жеке
тұлғалары бар;

2) халық аралық депозитарлық -есеп айырысу жүйелеріне ("Euroclear" және
"Clearstream International" сияқты) мыналар түрінде рұқсаты бар:
тікелей кіруге;

бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті көрсететін және көр-
сетілген жүйелерге тікелей кіруге рұқсаты бар шетелдік ұйыммен кастодиан
шартын жасау арқылы;

бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің қызметін пайдалану арқы-
лы.

Осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген талап Қазақстан
Республикасының Ұлттық Банкіне таралмайды."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін
қолданысқа енгізіледі.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорлары, зейнетақы активтерін инвестициялық

басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер 2009 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде өзінің қызметін осы қаулының талаптарына сәйкес келтірсін.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алынсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулының жариялау шараларын қолға алынсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова